

Өкілетті
органмен
келісілген

Ж.Д. Әбішев
«09» *сәуір* 2019ж.
№ 9-3-22/ч-1293

Астана қаласы «ҚазЦПЮ»
Заң кеңесшілері палатасының
жалпы жиналысының шешімімен
кабылданған



№2 хаттама
«09» сәуір 2019 жыл

Астана қаласы «ҚазЦПЮ» Заң кеңесшілері палатасы мүшелерінің заң көмегін көрсету сапасының ӨЛШЕМІ

Астана қаласы «ҚазЦПЮ» Заң кеңесшілері палатасы мүшелерінің заң көмегін көрсету сапасының осы Өлшемі заң көмегінің сапасын және оны көрсетудің сапасына қойылатын бірыңғай талапты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңына сәйкес жасалынған.

Қойылатын талапқа сәйкес заң кеңесшілері көрсететін заң көмегін көрсетуді бағалау жөніндегі көрсеткіш ретінде заң көмегі сапасының өлшемі алынады.

Сапа өлшемі заң кеңесшісінің көрсетілетін заң көмегі қызметіне қойылатын ең қарапайым талаптардан тұрады.

1. Заң кеңесшісі заң көмегін көрсету кезінде мына негізгі принциптерді басшылыққа алуы тиіс:

- 1) Заңның үстемдігін;
- 2) заң көмегін көрсететін тұлғаның тәуелсіздігін;
- 3) клиентті құрметтеуді және құқы мен бостандығын қорғауды;
- 4) клиенттің мүддесіне заң көмегін көрсетуді;
- 5) кәсіптік құпияны сақтауды;
- 6) кәсіптік нормалар мен этикалық ұстанымды сақтауды;
- 7) заң көмегін көрсетудің шекарасы мен шаралары еркіндігін;
- 8) заң көмегін көрсету стандарттарының сақталуын;
- 9) сотты, сот өндірісіне және мамандығы жағынан әріптесіне қатысты талаптарды құрметтеуді;
- 10) заң көмегіне қолжетімділікті;
- 11) клиент сияқты. Заң кеңесшісінің де тынығуына, жеке және отбасылық өміріне, демалысына құрметпен қарауды.

2. Заң көмегі мына түрде көрсетіледі:

- 1) құқықтық ақпараттандыру;
- 2) құқықтық кеңес беру;
- 3) Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңына және басқа заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, басқа да мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғайды және білдіреді;
- 4) клиентпен әрекеттегі немесе мүмкін болатын құқықтық қарым-қатынастардағы кез-келген тұлғалармен қарым-қатынаста клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін басқа да құқықтық әрекеттер жасай алады.

3. Мына жағдайлар көрсетілетін заң көмегі сапасының өлшемі болып табылады:

- 1) клиенттің құқын, еркіндігі мен заңды мүдделерін жүзеге асыруды қорғау және жәрдемдесу мақсатында заң көмегін көрсету;
- 2) заңда берілген өкілеттіліктер ауқымында заң көмегін көрсету;
- 3) заң көмегін көрсету кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының, заң

көмегін көрсетудің стандарттарын, сондай-ақ Кәсіптік этика кодексiнiң нормаларын сақтау;

4) заң көмегiн көрсетудiң негiзгi принциптерiн сақтау.Әрбiр принциптi жүзеге асыру заң көмегiн көрсетудiң басқа да принциптерiмен өзара әрекеттестiкте жүзеге асырылады;

5) берiлген кеңестiң қолданыстағы заң нормаларына сәйкестiгiнiң негiздiлiгi мен дұрыстығы;

6) клиенттiң мүдделерiне сәйкес заң көмегiн көрсетудiң шараларының таңдап алынуы;

7) клиенттiң құқықтары мен заңды мүдделерiн қорғаудың заңда тиым салынбаған барлық құралдары мен тәсiлдерiнiң таңдап алынуы;

8) клиент берген ақпараттардың құпиялылығының сақталуы;

9) заң кеңесшiсiнiң iске қатысуына жол берiлмейтiн мүдделер шиеленiсi және (немесе) басқа да процессуальдық заңда қарастырылған заң көмегiн көрсету туралы қабылданған шешiмге келiсiм берiлмеуi.